

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«ФИЛОСОФИЯ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨМІРЛІК МИССИЯ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

Алматы, Қазақстан, 14 қазан 2022 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
«ФИЛОСОФИЯ: НАУКА И ПРИЗВАНИЕ»

Алматы, Казахстан, 14 октября, 2022 год

COLLECTION OF MATERIALS
international scientific and practical conference
«PHILOSOPHY: SCIENCE AND VOCATION»

Almaty, Kazakhstan, October 14, 2022

УДК 1/14
ББК 87
Ф 53

БАС РЕДАКТОР:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы,
философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Б.Б. Мейірбаев

РЕДАКЦИЯЛЫҚ ТОП:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің
Деканның ғылыми-инновациялық қызмет және
халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары *А.Б. Альчимбаева*
Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі,
философия ғылымының докторы, профессор *Ж.А. Алтаев*
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының
менгерушісі, философия ғылымының кандидаты *Ә.А. Құранбек*
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының менгерушісі философия
ғылымының докторы, профессор *А.Д. Құрманәлиева*

«Философия: ғылым және өмірлік миссия» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы, Қазақстан, 14 қазан 2022 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 309 б.

ISBN 978-601-04-6134-5

«Философия: ғылым және өмірлік миссия» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының (Алматы қ., 14 қазан 2022 ж.) материалдарының жинағы түркі және қазақ философиясының дәстүрлерін талдауға, философияның дүниежүзілік тарихын және қазіргі заманғы философиялық зерттеулерді зерделеуде жаңа тәсілдерді анықтауға, Қазақстан Республикадағы этно-діни бірегейлік проблемаларын зерттеуге арналған баяндамаларды, мақалаларды және басқа да материалдарды қамтиды.

Басылым әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласының ғалым-зерттеушілеріне, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады.

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

PLENARY REPORTS

Литература:

1. Лысенко Ю.А. Позиция чиновников Оренбургского ведомства по вопросу правового регулирования духовной жизни казахов Уральской и Тургайской областей (40–80-е гг. XIX в.) // Народы и религии Евразии. 2019. №3 (20). С. 128–138.
2. Туркестанские епархиальные ведомости. 1909. № 1. 1 января.
3. Верт П. Многообразие и единство в управлении «иностранными исповеданиями» Российской империи. Уральский исторический вестник. 2022. №2(75). С. 25–36.
4. Алпыспаева Г.А., Жуман Г. и др. Указ от 17 апреля 1905 г. «Об укреплении начал веротерпимости» и христианский прозелитизм в Казахстане в начале XX века // Вестник КарГУ. Серия: История. Философия. 2021. №4 (104). С. 14–27.
5. Alrұspaeva G.A., Zhuman G., Jumaliyeva L.T., Saykhimova Sh.N. Failed Draft Laws on the "Muslim Issue" in the Steppe Regions and Turkestan Region (late XIX – early XX centuries) // Bylye Gody. 2021. 16 (2). 799–811.
6. Отделение Церкви от государства и школы от Церкви в Советской России. Октябрь 1917-1918.: Сборник документов [Текст] / отв. ред. прот. В. Воробьев, отв. сост. Л.Б. Милякова. М.: Изд-во ПСТГУ, 2016. 944 с.
7. Архив Президента Республики Казахстан (АП РК). Ф. 811. Оп. 4. Д. 290. Л. 26.
8. АП РК. Ф. 140. Оп. 1. Д. 4. Л. 29.
9. Государственный архив Жамбылской области (ГАЗО). Ф. 48. Оп.1. Д. 40. Л. 28.
10. Данилова Е. «Выражаем полную готовность помогать Советской власти...». Недолгий опыт интеграции духовных христиан в советскую экономику 1920-х гг. [Текст] / Е. Данилова // Государство. Религия. Церковь в России и за рубежом. 2018. №3 (63). С. 60–80.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЭТНО-ӘЛЕУМЕТТІК
МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНА ӘСЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ
SOCIAL ANALYSIS OF THE IMPACT OF ETHNO-SOCIAL PROBLEMS ON THE
SOCIETY OF KAZAKHSTAN IN THE SOUTHERN REGIONS OF KAZAKHSTAN**

Алимбекова Гүлжан Тоқтамысовна*
Бақытжанова Айнұр Айбынқызы†

Annotation. This article will present the results of sociological research on ethno-social conflicts in the history of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the study is to talk about the importance of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev's report aimed at maintaining peace and stability during the 77th session of the UN in strengthening the relations between nations within the state. In addition, the authors, on the subject of this article, talked about the conflicts that occurred in the regions of South Kazakhstan, according to which the world and the reasons for the conflicts that took place at the present time showed the ranks of the development of nationalistic qualities in ethnic groups and nations, their features and positions, ownership and the positions used in sharing with him are mentioned. In addition, in the course of the article, recommendations were made and efforts were made to resolve conflicts between ethnic groups and to prevent them.

Keywords: social conflict; ethno-social conflicts; tolerance; peace; ethno-social issues.

Кіріспе

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы жаһандану кезеңі мен «этникалық ренессанс» кезеңінде тәуелсіз, экономикасы мен саясаты тұрақталған, полимәдени мемлекет болып қалыптасты. Қазақстан 30 жылдық тәуелсіздік тарихынан кейін жаңа ондық даму кезеңіне өту барысында көптеген жаңа әлеуметтік мәселелер мен кедергілерге, толқуларға төтеп беруге қадам бастауда. Осының ішінде барлық әлем мен біздің еліміз үшін өте өзекті болып табылатын этнос аралық қарым-қатынастарға байланысты туындайтын мәселелерде болмақ. Бұндай мәселелердің туындау барысында әрекет етуге басты негіз болатын фундамент ол

* Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Директоры, Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы, g.alimbekova@gmail.com

† Әлеуметтану ғылымдарының магистрі, оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, ainurb1997@gmail.com

елімізде халықтар мен этностар, диаспоралар арасындағы достық, бейбітшілік қасиеті мен қарым-қатынастарын енгізген біздің ұлттық толеранттылық пен шыдамдылық, адамгершілік құндылықтарының болуы басты кепіл болып табылады.

Қазақстан халқы қазіргі кезде барлық қысым көрсету, күш көрсету мен басқа да адам құқықтарын таптайтын әрекеттерге қарсы. Қазақстан халқы терроризм мен экстремизм сияқты әрекеттерге қарсы және бұндай қысым көрсету әрекеттерін жасайтын адамдарға қарсы. Қазақстан халқы осы жерде тұратын әрбір адамның, әрбір халықтың, әрбір ұлттық құқықтары мен дәстүрлерін, нормалары мен құндылықтарын сақтайды. Осының барлығына негіз және халықты осыған тәрбиелеп, бағыттаған ол осы жерде тұратын адамдардың ата-балаларының салт-дәстүрлері, ұстанымдары мен осының барлығының олардың мінездері мен саналарында қалғандықтары. Ал халықтар мен ұлттар арасындағы гармонизацияны Қазақстан Республикасының саяси бағыттарының дұрыс болуынан қалыптасқан нәтиже деп айта аламыз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Полиэтникалық Қазақстанда биэтникалық халықтың құрылымы қалыптасты: басымдық танытатын ұлт – қазақтар, саны көп екінші ол орыстар, кейін ұйғырлар мен саны жағынан аз басқа да ұлттыр мен диаспоралар. Осындай көп ұлтты мемлекет болуда адамдардың өзара әрекеттеріне де тікелей әсер еткен болатын.

Заманауи этноәлеуметтік қарым-қатынастарды зерттеудің тұғырнамалары, әлеуметтік-экономикалық белгілердің негізгі сипаттамалары ретінде келесі құрамдастырушыларды сипаттайды:

- Ұлттық (этномәдени жағдай, бірегейлік);
- Саяси қарым-қатынасқа араласу деңгейі бойынша (басшылық пен мемлекеттік қызметте сол ұлттың азаматының жұмыс істеуі немесе танымал болуы);
- Өмір сүру деңгейі (табысы);
- Азаматтық құқықтарының қамтамасыз етілуі мен сақталуы;
- Мүлікке деген көзқарасы;
- Мамандығы, кәсібилігі, білім деңгейі (оның қолжетімділігі мен сапасы);
- Территориялық орналасуы бойынша айырмалықтар мен өзгерістер.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-этникалық статус түсінігі қазақстанда орын алып отырған өзгерістер мен мәселелерге тікелей байланысты болып тұрған түсініктердің бірі, себебі біздің ойымызша осы түсінік арқылы мемлекеттің ішіндегі халықтың немесе ұлттың атқаратын әлеуметтік қызметтерінің маңызы мен қызметін толық түсіндіруге, олардың әлеуметтік рольдерінің маңыздылығын анықтауда қолдануға болатын оңтайлы терминдердің бірі болып табылады. Мысалы, қоғамда осындай әлеуметтік рольдер мен қызметтердің саны шектеулі болып, бірақ осы қызметтер сұранысқа ие болатын болса әрине оның өзі мемлекеттің немесе қоғамның ішінде жанжал туындатады. Мемлекет ішінде болған немесе болуы ықтимал жанжалдардың туындауына басты себеп ол мемлекеттегі қоғамдық әлеуметтік ролдер мен қызметтердің теңдей бөлінбеуі немесе халықтың осындай теңсіздіктерді сезінулері жанжалдар мен қатерлердің туындауына әсер етеді.

Қазіргі кезде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар, мәселелерге қарап қоғамның болашақ дамуы кезінде орын алуы мүмкін мәселелерді анықтауға болады, оның бірі ол халықтар достығы мен бейбіт қарым-қатынастың орын алуына байланысты мәселелер туындайды деген болжамдар бар. Сонымен қоса, келесі өзекті мәселелер ол этникалық стереотиптер құрамы көпұлтты мемлекеттер үшін өзекті болып қалады, себебі осы мемлекеттерде ұдайы этникалық процестер орын алып тұрады.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі кезге дейін ұлтаралық қақтығыстарды типологиялаудың әртүрлі тұғырнамалары бар, оны біз әртүрлі ғылыми еңбектерден көре аламыз (Арутюнян және басқалар 1999; Стефаненко, 2009: 305-323) [1], [2]. Осы сала бойынша осындай әрсалалық

бөлімде қиындық туындадатын мәселелердің бірі ол тақырыпты жанжақты қарастырудың болуынан. Осындай әржақтылықты зерттеу кезінде этно-әлеуметтік жанжалдарды типологиялық бөлудің екі негізі бар, олар: 1. «Ресурстық негіз» әртүрлі ресурстарды бөлу кезінде оларды иемденуге байланысты туындайтын жанжалдар; 2. Қарқынды жанжалдар.

Ұлтаралық жанжалдардың сипаты тікелей ол жанжалдарға әсер ететін сыртқы факторлар, акторлар мен басқа бәсекелес топтардың әсер етуінен күрделеніп, өзіндік қарқын береді. Жалпы алған кезде, бәсекегелес болатын топтардың негізгі көрсеткіштері ол олардың әрекет ету динамикалары және этникалық топтың пассионарлығында. Доминанттық топтар қолданбалы индикаторларға ие – «өздерінің сандарын арттыру мен өмір сүру аймақтарын кеңейте алу қабілеттері» (Ильясов, 2013: 173) [3]. Осы жерде қандайда бір шағын және шоғырланып орналасқан, өмір сүретін этностардың бақылауда ұстайтын өзіндік аймақтары болады. Осындай бақылау аймақтары ретінде олардың орналасқан елді-мекендерінде болатын немесе бар ресурстарды бақылауда ұстау мен оларды бөліп беру, яғни құқықтық, атқарушылық, сот басқару органдары, қаржы, кәсіпорын, ауылшаруашылығы, БАҚ, мәдениет, т.б. иеліктерді басқару мен оларды бақылауда ұстауды білдіреді.

Зерттеу нәтижесі

Соңғы уақыттарда батыс мемлекеттері тарапына және бұрын колония болып есептелген мемлекеттерде «доминантты өзгеру» көрінісі көрінуде, ол бойынша батыс елдерінің доминанттылығы төмендеп, бұрын колония болған және дамып келе жатқан мемлекеттердің доминанттылығы өсіп келе жатыр.

Осыған байланысты, субдоминантты этностардың негізгі стратегияларын анықтауға болады, олар: 1. Доминантты мемлекеттермен ассимиляция; 2. Топтық бейімделу – ұжымдық даму, этно топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасы мен көмектесу арқылы бірге дамуы; 3. Бөліну – автономдық, сепаратизм, бөліну.

Төменде этно топтардың халықаралық қарым-қатынастары, идеологиялары мен олардың іс-әрекеттері туралы ақпараттар берілген. Бірінші бағанда «ұлтшылдық деңгейі» айтылса, осылайша деңгейлердің өсуіне байланысты ұлтшылдықтың деңгейі де өсе береді.

Кесте 1. Ұлтаралық қарым-қатынастың типтері мен ерекшеліктері

Ұлтаралық қарым-қатынастардың типтері	Идеологиялары	Іс-әрекеттерінің ерекшеліктері	Ресурстық әрекеттері
Субдоминантты этностардың ұқсасуы	Субдоминантты этностардың ұстанымдары мен әрекеттерін доминантты этностардың ұстанымдарына ұқсатып жасаулары мен соған бағытталулары	Доминантты этностарға ұқсасу	Доминантты этнос өкілдері иемденетін ресурстарға жету үшін қойылған бағдарлар
Космополитизм	Этникалық дифференциация мазмұнын жоққа шығару, этникалық топқа тиесілдікті әлеуметтік маңызды дифференциялаушы белгі ретінде қабылдау	Этникалық өзін-өзі сипаттаудың болмауы, әртүрлі этностармен қарым-қатынастар барысында туындайтын кедергілердің болмауы	Этникалық сипаттарына байланысты ресурстарды иемденудің болмауы
Интерұлтшылдық	Толықтай моральды, психологиялық теңдікті, достық пен құқықтық теңдіктің қамтамасыз етілуі мен сақталуы	Топтар арасындағы достық сипаттағы, бәсекелестік сезімі жоқ қарым-қатынастардың орын алуы	Этностар арасында ресурстардың теңдей дәреже мен көлемде бөлінуі
Толеранттылық	Барлық этностардың құқықтары мен мүмкіндіктерін мойындау мен құрметтеу	Басқа этно топтарға сырттай достық және құрметті қарым-қатынастардың болуы	Этностар арасында ресурстарды теңдей бөлу арқылы оларды қолдану

«PHILOSOPHY: SCIENCE AND VOCATION»
International scientific and practical conference

«Ұжымдық» тұрмыстық ұлтшылдық	Барлық этностардың құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету мен оларды мойындау	Ұжымдық өзара көмектесу. Басқа этно топтардың әрекеттері мен өмір салтына ашық кері пікірді білдіру	Өз этносы үшін берілетін ортақ ресурстарды иемдену мен алып алуға әрекеттердің жасалуы
Субдоминантты этностардың ұлтшылдығының көрінісі	Этно топтың өзінің басқа топтар мен этно топтардан айырмашылығын ашық көрсетуі. Ұжымдық ұлтшылдық және өзара көмекті көрсетудің идеологиясы	Экспансияның әртүрлі түрлеріне қарсы тұру – территориялық, демографиялық, экономикалық және мәдени, т.б. Этнофобия мен ассимиляцияға қарсы тұру. Этно окшаулануға қарсы тұру (моно этникалық), жеке ел болу үшін жасалатын автономизация, сепаратизм, өзге мемлекеттердің мойындауына талпынатын әрекеттердің жиынтығы	Өз ұлтына немесе этносына барлық активтер мен ресурстардың бөлінуіне және соларды қолдануына деген талпыныстар
Доминантты этностардың ұлтшылдығының көріністері	Доминантты этностың тұжырымдамасы. Доминантты этностың артықшылықтарын көрсетуін өзге субдоминантты этностар үшін өзінің қызметі ретінде көрсетулерін білдіреді	Әртүрлі экспансияның көрсетілуі – территориялық, демографиялық, экономикалық, мәдени және т.б. Этно топтың санының артуы, бақылауда ұстайтын территорияның көп болуы мен кеңдігі, субдоминантты этностарды ассимиляциялау	Доминантты этностар мен ұлттар субдоминантты этностар мен ұлттарға теңдей бөлінетін ресурстарды иемденуі мен тартып алулары
Шовинизм	Бір этностың басқа этностан өзін жоғары және маңызды санауы	Басқа этностарды «толық емес» деген сипатта кемсітуі мен құқығын сақтамау	Доминантты этностар субдоминантты этностарға берілген ресурстардың жартысын бермей, иемденіп алуы
Фашизм, геноцид	Этностардың немесе белгілі бір адамдардың генетикалық берілетін ұлттық тиесілдігін, расасы мен ұлтына қарай кемсітушілік жасап, басымшылдық көрсетуі	Басқа этностарға қатысты дискриминация, кемсіту мен бопсалау, оларды толықтай жойып жіберу әрекеттерінің жасалуы	Доминантты этностар субдоминантты этностарға берілген ресурстардың барлығын бермей, иемденіп алуы.

Қазақстанда әртүрлі этностар мен ұлттардың, диаспоралардың өкілдері өмір сүруде. Сонымен қазіргі кезде, еліміз туристтік жол тораптарын дамытып туристтердің келуіне шаралар жасауда. Осыған байланысты мемлекетіміздің ұлттық құрамы мен құрылымы түрлі түске боянайын деп жатыр. Дегенімен, осы кезде де ұлттар мен этностар арасындағы достық пен бейбітшілік, өзара сыйластық қарым- қатынастардың сақталуына байланысты зерттеулер терең деңгейде жүргізілу керек сияқты. Себебі, қазіргі кезде қазақстанның шекаралас көршілерінде болып жатқан мәселелер тікелей біздің де мемлекетімізге әсер етуі мүмкін, сондықтан біз де өз мемлекетіміздің ішкі саяси қарым-қатынасы мен сыртқы халықаралық қарым-қатынасында болып жатқан мәселелер туралы толықтай біліп отыруымыз керек.

2020 жылдың ақпан айының 5-8 жұлдызы кезінде еліміздің оңтүстік аймағында ұлтаралық қақтығыс элементтері бар жанжалдар орын алған болатын, атап айтқан кезде бұл еліміздің 30 жылдық тарихында болмаған ұлтаралық жанжалдардың бірі. Ол кезде саны жағынан доминантты қазақтар мен саны жағынан аз және бір аймақта шоғырланып тұратын дүнгендер арасында қақтығыстар болған болатын. Ол Жамбыл облысының Қордай ауданында орын алған жанжал болатын, дегенімен ол Сортөбе, Аухаттин, Қаракемер, Масанчи, Қарасу, Қарасай сияқты ауылды округтерге дейін тарап кеткен қақтығыстардың бірі болатын. Аталған аймақтарда көптеген ғимараттар қирап, көптеген отбасылар зардап шеккен болатын сол кезде үкімет резерві тарапынан 1,5 млрд. теңге төлеміндегі қаржы бөлініп көмек көрсетілген болатын. Дегенімен, осы оқиғаның орын алуын зерттеген кезде ұлтаралық сипат деп берілген жанжалдың басты себебі контрабанда негізінде қылмыстық топтардың арасында ықпал ету аясын қайта бөлу мәселесі екендігі анықталды [4].

Қорытынды

Қорытындылай келе қазіргі кезде әлем бойынша болып жатқан мемлекет аралық саяси қарым-қатынастарға, экономикалық, әлеуметтік теңсіздіктерге, экология мен басқа себептердің болуына байланысты туындаған этносаралық жанжалдар мен шиеленістердің барлығы болашақта бейбітшіліктің болуына кедергі келтіріп, оның орнауына әлем тыныштығын кетіруге ықпал етіп отыр. Осыған байланысты, Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің БҰҰ Бас Ассамблеясының 77 сессиясының жалпы дебаты кезінде әлемдегі тыныштық пен бейбітшілік, қауіпсіздік пен халықаралық қарым-қатынас саясатындағы тұрақтылық туралы айтқан болатын. Президент өзінің осы баяндамасы кезінде БҰҰ негізін құраушы үш қағидатты атаған болатын, олар мемлекет егемендігінің теңдігі, мемлекеттердің территориялық тұтастығы және мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі [5]. Қазіргі кезде мемлекеттердің ішінде болып жатқан оқиғалар, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға қарап аталған үш қағидаттың әлсірегендігі мен болашаққа деген сенім мен бейбітшілікке деген ойдың өзгеретіндігін көрсетіп тұр.

Қазақстан өзінің 30 жылдан асқан тарихы бар мемлекет болуы кезінде көптеген кедергілер, мәселелер, толқындардан өткен болатын. Осы кезеңде мемлекет толығымен қалыптасып, нығайып, өзінің халықының құрылымын түрлі этникалық топтармен толтырып, ел тыныштығы мен халық достығын ұстай білген мемлекеттердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміз жаңа төртінші онжылдыққа ауысуы кезінде жаңа белестер мен қоғам мен әлемдегі тербелістерге, сынды және қиын уақыттарда болатын мәселелерге төтеп беру үшін ішкі саясатын нығайтуы мен бекітуі керек. Ұлттар арасында бейбіт қарым-қатынастың болуына ықпал еткен әртүрлі факторлар мен адамдар, себептер бар. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Президентіміз Қ.Тоқаевтың маңызы зор болды. Қазіргі кезде мемлекет халқы бір шаңырақ астында бірлікте өмір сүруде, тарихи кезеңде орын алған мәселелерге қарамастан, алдағы уақыттарда және болашақта да мемлекеттің ішінде бейбітшілік болады деген үміттеміз.

Әдебиет:

1. Арутюнян Ю.В., Дробизижа Л.М., Сукоколов А.А., Этносоциология. Учебное пособие для ВУЗов. М.: Аспект-Пресс, 1999. – 271 с.
2. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология: Учебник для ВУЗов. М.: Аспект Пресс. 2009. – 368 с.
3. Ильясов Ф.Н. Потребность в детях и репродуктивное поведение // Мониторинг общественного мнения. 2013. №1. С. 168-177.
4. Касым-Жомарт Тоқаев о событиях на Кордае: Это упущение, в том числе и властных структур. Электронный ресурс: https://forbes.kz/process/kasyim-jomart_tokaev_o_sobyitiyah_na_kordae_myi_kak_edinaya_natsiya_doljniy_izvlech_urok/
5. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзінен. Электрондық ресурс: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaevty-n-buu-bas-assambleyas-y-77-sessiyasynyn-zhalpy-debatynda-soylegen-sozi-20874>